КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 25 қыркүйек №5265-24-00-2/2833 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты С.Сейтжанұлының төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№4 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Exclusive» басшысы Шыңғысбек Бекарыс Маратбекұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 147, 223-226, 229 -баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№4 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Exclusive» басшысы Шыңғысбек Бекарыс Маратбекұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Exclusive» басшысы Шыңғысбек Бекарыс Маратбекұлынан талапкер Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№4 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 5 172 (бес мың бір

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

жүз жетпіс екі) теңге тұрақсыздық айыппұл және 156 (бір жүз елу алты) теңге мемлекеттік баж төлеу бойынша сот шығыстары өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Exclusive» басшысы Шыңғысбек Бекарыс Маратбекұлынан мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер шешім көшірмесін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы шешімді шығарған сотқа шешімнің күшін жою жайлы арыз беруге құқылы.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік Кодексінің 403, 404 баптарына сәйкес осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін 1 (бір) ай мерзім ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **С.Сейтжанұлы**

Құжатқа қол қойылған: Сейтжанұлы С., 25.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 06.11.2024, судья Сейтжанұлы С., 08.12.2024

5265-24-3-1/3038